



XҒТАР 15.81.53

А.М. Айтышева, Г.Т. Сапарова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

(E-mail: aigul_mukatay@mail.ru, gulnur0319@mail.ru)

Бейнелеу өнерінің тұлғаның дамуына психологиялық ықпалы

Аннотация. Мақалада бейнелеу өнерін мінез-құлықты коррекциялау мен тұлғаны дамыту мақсатында қолдану жолдарын теориялық және тәжірибелік зерттеу қарастырылды. Өнер психологиясына теориялық шолудың нәтижесінде бейнелеу өнерінің басты психологиялық аспектілеріне талдау жасалды. Тәжірибелік зерттеу Нұр-Сұлтан қаласындағы «Жас Ұрпақ» аутистикалық спектрдің бұзылысымен зардап шегетін балаларды дамыту орталығының қызметкерлеріне жүргізілді. Күрделі педагогикалық іспен айналысатын мамандардың мінез-құлықтары бейнелеу өнері арқылы қаншалықты өзгеруі мүмкін екендігі сарапқа салынды.

Түйін сөздер: өнер психологиясы, бейнелеу өнері, өнерді қабылдау, өнер туындылары, шығармашылық.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2019-129-4-88-95>

Түсті: 30.07.19 / **Жарияланымға рұқсат етілді:** 6.08.19

Өркениет пен ғылыми төңкерістер дәуірінде өмір сүріп жатқан біздің қазіргі қоғамымыз адамдарда түрлі психологиялық мәселелер тудырып қана қоймай, сонымен бірге, психикалық бұзылыстарға алып келетін және денсаулыққа кері әсер ететін стресстік факторларға толы болып отыр. Сондай-ақ, қазіргі қоғамның қарқынды даму жағдайы адамдардан жоғары белсенділікті, үзіліссіз ізденісті, біліктілікті, шығармашылық пен бәсекеге қабілеттілікті талап етеді. Осы қоғамда өмір сүріп жатқан әрбір адам заман талабына сай болу үшін айналасындағылардан қалыспай жаңаны тану мақсатында тым жоғары белсенділікте болуы салдарынан, қарбалас тіршіліктегі дұрыс тамақтанбау, ұйқы режимінің бұзылуы, демалыстың аздығы әсерінен созылмалы шаршау симптомдарына кездесетіні анық. Адамның стресстік күйін арттырып, депрессияны, өзін төмен бағалауды, адекватты емес мінез-құлық формасын қалыптастырып, рухани дамуды тежейтін, жүйкені тітіркендіріп, жағымсыз ойлар мен стереотиптерді тудыратын тағы бір фактор ретінде instagram, VK, YouTube сияқты т.б әлеуметтік желілердегі негативті ақпараттарды айтуға болады.

Әрине адам машина емес, сондықтан да кез келген адам шаршауын басу, стресстен арылу, қысымды жою жолдарын іздейді. Яғни белгілі бір копинг стратегиялары арқылы стресске тойтарыс беруге тырысады. Спортпен айналысу, ән, би, құм терапиялары, қыдыру, дүкен аралау, ойын-сауық сияқты демалыс пен стрессті жоюдың жолдары көп болғанымен, копинг-стратегияның тиімді жолының бірі ретінде бейнелеу өнері

түріндегі арт-терапияны, түрлі позитивті, жағымды эмоцияларды тудыратын көркем өнер шығармаларының көрмелерін атап көрсетуге болады. Себебі, арт-терапия, оның ішінде бейнелеу өнеріне негізделген арт-терапия, адамға ұсақ моторика және сенсорлық интеграция деңгейінде әсер етіп, қозғалыс дағдыларын, моторлы-көру координациясын, қол мен саусақ қозғалысының нақтылығын дамытып қана қоймай, жүйкені тыныштандырады, шаршауды басып, босаңсытады, негативті ойлардан арылтып, жағымды эмоциялар туғызса, бейнелеу өнерінің туындылары адамда жағымды эмоциялар емн сезімдерді тудырады, тынықтырып, сергітеді. Сонымен қатар бейнелеу өнері, яғни сурет салу, өмірлік мәселелерді шешуде үлкен маңызға ие болатын адамдағы шығармашылық потенциалды оятып, қиял мен креативтілікті дамытады. Сурет салу мен бояу және ойды тереңге әкететін бейнелеу өнерінің туындылары адам миы үшін йога, медитация деп те айтуға болады. Бейнелеу өнері элементтерімен жүргізілетін арт-терапия адамға негативті ойларды ұмыттырып қана қоймай, зейіннің шоғырлануы мен шыдамдылықты дамытады. Яғни бұл қасиеттер адамдағы эмоциялық тұрақтылықты, стресске тұрақтылықты арттырады. Ал бұл қасиеттер тұлғаның жетістікке жетуінің басты кепілі.

Зерттеу жұмысының мақсаты бейнелеу өнерінің тұлғаға ықпалының психологиялық ерекшеліктерін зерттеу, өнерді мінез- құлықты коррекциялау мен тұлғаны дамыту мақсатында қолдану жолдарын анықтау болып белгіленді.

Зерттеу жұмысының болжамы: бейнелеу өнерімен айналысу және көркем сурет өнерінің туындыларын тамашалау суретші мен оның шығармасын тұтынушы тұлғалардың психологиялық күйіне әсер етеді.

Зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми әдебиеттерді, мақалалар мен зерттеу жұмыстарын теориялық талдау мен жалпылау, эмпирикалық әдістеме САН, зерттеу нәтижелерін математикалық талдау әдістері қолданылды.

Өнер психологиясының басқа шығармашылық пен өнерді зерттеуші ғылым салаларына қарағанда ерекшелігі оның пәнінде ғана емес, сонымен қатар әдістерінде де көрінеді. Өнерді зерделеудегі психологияның күшті жағы эксперименттік әдіснаманы меңгеруде және теориялық пайымдаулар мен өзін-өзі бақылау деректерінің негізінде ғана емес, сондай-ақ эксперименттік алынған факторлардың негізінде өз концепциясын құру мүмкіндіктерінен тұрады. Дәл осы психология ғылымы өнерді қабылдау мен оның әсер етуінің жеке дара ерекшеліктерін зерттеуге мүмкіндік береді. Өнерге тек қана таным ретіндегі бір жақты көзқарасты Л. Выготский сынға алған [1]. Қазіргі заманғы өнер психологиясында оның пәні туралы жалпы түсінік жоқ: өнерде қандай да бір нәрсені тану нысаны бар ма, әлде бір нәрсені өзгерту қажет пе және т.б.

Өнер психологиясын зерттеудің мынадай тәсілдерін атап өтуге болады:

- Өнертану: өнер туындысы егер оны қабылдайтындар жеткілікті мәдениетке, мотивацияға және түйсікке ие болса, оны сөйлете алатын жұмбақ сфинкс ретінде қарастырылады.

- Теориялық-нормативтік: эстетикалық қабылдаудың дамыған типінің нормативтік моделінен шығады. Мұнда ең бастысы – қабылдау процесі теориялық модельде көзделген эталондық үлгіге қаншалықты жақын екені. Мұндай тәсіл зерттеушіні тұлғаның өзара әрекеттесуі мен өнер туындыларының әр түрлі нұсқаларының жеке өзіндік ерекшелігін сапалы талдауға алып келеді;

- Механикалық тәсіл өнерді тұлғаның белсенділігі емес, интрапсихикалық механизмдердің жұмыс істеуі ретінде қарастырады. Бұл жағдайда өнердің мағыналық, жеке-тұлғалық жағы жоғалады.

- Когнитивті-аффективті тәсіл өнерді адамның эмоциялық аймағымен байланыстырады: өнерде «жұмыс істейтін» эмоциялар, басқа эмоциялардан ерекшеленеді, психоанализ ізбасарлары олардың сублимацияланғаны туралы айтады, мәдени-тарихи мектепте өнер эмоцияларын ақылды эмоциялар деп атайды.

- Іс-әрекеттік тәсіл өнерді мағыналарды тудыру және қайта жасау механизмі ретінде қарастырады және басқаша беруге болмайтын мағыналарды трансляциялаудың ерекше жолы ретінде көреді (мәндерге қарағанда).

- Өнер психологиясында жүйелі-типологиялық көзқарас бірінші орынға өнер туындысының авторының тұлғасын қояды [1].

Өнерді қабылдау өте субъективті нәрсе. Қабылдау кезінде адамда өтетін процестер әр түрлі және оны болжау, зерделеу үшін оңай емес. Қазіргі уақытта өнер иесі эстетикалық талаптарға жауап беретін шығармалар жасай алатын заңдар мен ережелердің тұтас жиынтығы бар. Бейнелеу туындыларын қабылдау тиісті дайындық талап етілетін белсенді қызметті көздейді. Көркемдік қабылдауды дамыту келесі негізгі оқу міндеттерін шешуді қамтиды: жұмысқа деген ықыласты дамыту; шығармаға өз көзқарасын білдіру қабілетін дамыту; өнер туралы білім мен түсініктердің көлемін кеңейту [2].

Философтар антикалық дәірден бастап өнер туындыларын қабылдау мәселелеріне көп көңіл бөлді. Аристотель өнер әсерін аяушылық пен қорқыныш аффектісінің көмегімен жан тазарту деп түсіндірді. XIX ғасырдың соңына дейін қоғамда, философтар мен суретшілер арасында бірлік орнады: өнер шындықпен астасып, шығармаларда көрсетілді. Неміс ағартуының өкілі Г.Э. Лессинг «Лаокоон» трактатында сөздік және бейнелеу өнерінің негізгі айырмашылықтарын атап өтеді: бейнелеу өнері кеңістіктік, ал сөздік (поэзия) уақытша. Сұлулық приматын бекітеді. Өнер көзді немесе құлақты тоңазытуы керек [3].

Өнерді қабылдаудың маңызды психологиялық факторы біздің санамызда тарихи бекітілген алдыңғы мәдениет жүйесіне сүйенетін рецептілік қондырғы болып табылады. Өнерден рахаттану-оның шарттылығын жеңу, көркемдікті нақты адаммен салыстыру, нақты шартты түрде тану нәтижесі. Көркем қабылдау мен рахаттың қарқындылығы көркем феноменнің реттелуі мен күрделілігіне пропорционалды. Көркем рецепцияны эксперименттік зерттеу XIX ғасырдың соңында басталды [4].


Шығармашылық пен өнердің жеке тұлғаға әсері – бір жақты процесс емес, екі жақты акт, өйткені ол көркем шығарма мен жеке тұлғаның белсенді өзара әрекеттесуін білдіреді. Егер адам қажеттілігінің сипаты өнердің әлеуметтік функцияларына сәйкес келмесе, ал қабылдау оның табиғатына барабар емес болса, онда өнердің әсері болмайды, оның қоғам мен тұлғаның рухани дамуындағы рөлі іске асырылмаған. Ежелгі грек философтары Платон, Аристотель еңбектерінде, француз ағартушысы Ж.Ж. Руссо, орыс жазушысы Л.Н. Толстой және басқа да өткен шақ ғалым-жазушыларының зерттеулерінде өнердің тұлғаға тек оң әсері ғана емес, сонымен қатар теріс әсері де бар екені айтылған. Дегенмен, қайта өрлеу дәуірінен бастап XX ғасырға дейін өнер, шығармашылық тек жақсы қырынан ғана танылды. XX ғасырда әсіресе, жаппай мәдениет мен авангардтық өнердің таралуымен өнердің тұлғаға рухани-құндылықты әсері екі жақты, яғни өнер тұлғаға позитивті де, негативті де, сондай-ақ функционалды немесе дисфункционалды әсер ететіндігі сөз бола бастады. Бұл көркемөнерлік шығармалардың формасына, мазмұнына, шығарма авторының тұлғасына, психологиялық – индивидуалды ерекшеліктеріне, саналы және бейсаналы мотивтеріне, сонымен қатар қоғамдағы жалпы рухани-психологиялық атмосфераға тікелей байланысты [5, 6].

Қазақстандағы психология тарихын зерттеуде есімі мен еңбегі еш даусыз мойындалған тұлғаның бірі - қазақ психологы Сатыбалды Мұқатайұлы Жақыпов өз еңбектерінде шығармашылық және интеллект арасындағы байланыс тақырыбын көп қарастырды. Сонымен қатар, шығармашылықтың психологиялық негіздерін ашып көрсетті. Адам тұлғасының шығармашылық қуатының мүмкіндігі, әсіресе, жоғары оқу орындарында оқып жүрген кезде қарқынды дамиды және оқыту процесіндегі танымдық іс-әрекеттің құрылымдық ерекшеліктерімен анықталады [7].


Сонымен, теориялық пайымдауларды жинақтай отырып, зерттеу болжамын

Group	Score
өзін-өзі сезіну	26,2
белсенділік	27,3
көңіл-күй	26,3

Респонденттерге жүргізілген констатациялаушы эксперименттен соң 1 апта көлемінде, түскі үзілісте және жұмыс күнінің соңында қалыптастырушы эксперимент ретінде 30 минут уақыт көлемінде респонденттер арт-терапиямен айналысу ұсынылып, қабырғаға салынған дайын эскиздерді түрлі түсті бояумен безендіруге жағдай жасалды. Апталық қалыптастырушы эксперименттен соң констатациялаушы эксперименттің нәтижелерімен салыстыру мақсатында бақылаушы эксперимент ретінде САН әдістемесі қайта жүргізілді (2-сурет).



Әдістemeniң интерпретациялық нәтижелерінен констатациялаушы эксперимент пен бақылау экспериментінің арасында айтарлықтай айырмашылық бар екенін байқауға болады (3- сурет).



Сурет 3. Констатациялаушы және бақылау экспериментінің салыстырмалы көрсеткіштері

Эксперименттердің салыстырмалы көрсеткіштерімен ғана гипотезаны дәлелденді немесе жоққа шығарылды деу жеткіліксіз. Сондықтан, осы гипотезаны дәлелдеу немесе теріске шығару мақсатында осы мәндерге статистикалық талдау жүргіземіз. Алынған қорытынды нәтижелердің мәндері арасындағы байланысты анықтау мақсатында әдістемеден алынған шикі ұпайлық көрсеткіштерге байланысқан іріктемелерге арналған Уилкоксон критерийі арқылы математикалық талдау жасалды.

Байланысқан іріктемелерге арналған Уилкоксон критерийі (сондай-ақ Уилкоксонның t – критерийі, Уилкоксонның критерийі, Уилкоксонның белгілік рангтерінің критерийі, Уилкоксонның дәрежелері жиынтығының критерийі қолданылады) - үздіксіз немесе реттік шкалада өлшенген қандай да бір сандық белгінің деңгейі бойынша екі байланысты (жұп) іріктеулерді салыстыру үшін пайдаланылатын параметрлік емес статистикалық критерий.

Әдістің мәні қандай да бір бағыттағы қозғалыстардың айқын көрінісінің абсолюттік шамалары салыстырылады. Ол үшін алдымен барлық абсолюттік ауытқулар сараланады, содан кейін дәрежелер қосылады. Егер қандай да бір жаққа ауысу кездейсоқ болса, онда олардың дәрежелерінің жиынтығы шамамен тең болады. Егер бір жаққа жылжу қарқындылығы көп болса, онда қарама-қарсы жаққа жылжудың абсолюттік мәндерінің рангтерінің жиынтығы кездейсоқ өзгерістер болған кезде осыған қарағанда айтарлықтай төмен болады.

САН әдістемесі бойынша өзін-өзі сезіну шкаласының нәтижелерін талдау барысы мен нәтижесі: T -критерийін есептеудегі бірінші қадам – әрбір жеке мәнді «кейін» мәнінен»дейін» шегеру. Рангтар бағаны бойынша жиынтық $\sum=351$ тең. Бақылау жиынтығын есептеу негізінде матрицаның дұрыс жасалуын тексеру, баған бойынша жиынтық мен бақылау жиынтығы өзара тең, демек, ранжирлеу дұрыс жүргізілді. Енді типтік емес бағыттарды қарастырсақ, бұл жағдайда – теріс. Кестеде бұл бағыттар мен оларға сәйкес дәрежелер түспен бөлінген. Осы «сирек» бағыттар дәрежелерінің жиынтығы T критерийінің эмпирикалық мәнін құрайды:

$$T = \sum R_t = 3 + 5.5 + 7 = 15.5 \quad (1)$$

Қосымша кесте бойынша $N=26$ үшін Вилкоксонның t -өлшемі үшін сыни мәндерді табамыз:

$$T_{кр} = 84 \quad (p \leq 0.01) \quad T_{кр} = 110 \quad (p \leq 0.05) \quad (2)$$

Бұл жағдайда мәнділік аймағы солға созылады, егер «сирек» болса, бұл жағдайда оң бағыттар мүлдем болмаса, онда олардың дәрежелерінің жиынтығы нөлге тең болар еді.

Демек, т эмпирикалық мәні маңыздылық аймағына түседі: $T_{\text{эм}} < T_{\text{кр}}(0,01)$, сондықтан H_0 гипотезасы қабылданады.

САН әдістемесі бойынша белсенділік шкаласының нәтижелерін талдау барысы мен нәтижесі: Рангтар бағаны бойынша жиынтық $\Sigma = 351$ тең. Бақылау жиынтығын есептеу негізінде матрицаның дұрыс жасалуын тексеру, баған бойынша жиынтық мен бақылау жиынтығы өзара тең, демек, ранжирлеу дұрыс жүргізілді.

Енді типтік емес бағыттарды атап өтеміз, бұл жағдайда – теріс. Кестеде бұл бағыттар мен оларға сәйкес дәрежелер түспен бөлінген. Осы «сирек» бағыттар дәрежелерінің жиынтығы T критерийінің эмпирикалық мәнін құрайды:

$$T = \sum R_t = 3 + 15.5 + 12 + 3 + 12 + 3 = 48.5 \quad (3)$$

Қосымша кестесі бойынша $N=26$ үшін Вилкоксонның t -өлшемі үшін сыни мәндерді табамыз: $T_{\text{кр}}=84$ ($p \leq 0.01$) $T_{\text{кр}}=110$ ($p \leq 0.05$)

Бұл жағдайда мәнділік аймағы солға созылады, егер «сирек» болса, бұл жағдайда оң бағыттар мүлдем болмаса, онда олардың дәрежелерінің жиынтығы нөлге тең болар еді. Демек, т эмпирикалық мәні маңыздылық аймағына түседі: $T_{\text{эм}} < T_{\text{кр}}(0,01)$, сондықтан H_0 гипотезасы қабылданады.

САН әдістемесі бойынша көңіл- күй шкаласының нәтижелерін талдау барысы мен нәтижесі: Рангтар бағаны бойынша жиынтық $\Sigma = 351$ тең (қосымша Ж, 3-кесте). Бақылау жиынтығын есептеу негізінде матрицаның дұрыс жасалуын тексеру, баған бойынша жиынтық мен бақылау жиынтығы өзара тең, демек, ранжирлеу дұрыс жүргізілді. Енді типтік емес бағыттарды атап өтеміз, бұл жағдайда – теріс. Кестеде бұл бағыттар мен оларға сәйкес дәрежелер түспен бөлінген. Осы «сирек» бағыттар дәрежелерінің жиынтығы T критерийінің эмпирикалық мәнін құрайды:

$$T = \sum R_t = 5.5 + 2.5 + 5.5 + 5.5 + 2.5 = 21.5 \quad (4)$$

Қосымша кестесі бойынша $N=26$ үшін Вилкоксонның t -өлшемі үшін сыни мәндерді табамыз:

$$T_{\text{кр}}=84 \text{ (} p \leq 0.01 \text{)} \quad T_{\text{кр}}=110 \text{ (} p \leq 0.05 \text{)} \quad (5)$$

Бұл жағдайда мәнділік аймағы солға созылады, егер «сирек» болса, бұл жағдайда оң бағыттар мүлдем болмаса, онда олардың дәрежелерінің жиынтығы нөлге тең болар еді. Демек, т эмпирикалық мәні маңыздылық аймағына түседі: $T_{\text{эм}} < T_{\text{кр}}(0,01)$, сондықтан H_0 гипотезасы қабылданады. Эксперименттен кейінгі көрсеткіштер экспериментке дейінгі көрсеткіштердің мәнінен жоғары.

Демек, ғылыми жұмыстың басында жасалған біздің: «бейнелеу өнерімен айналысу және көркем сурет өнерінің туындыларын тамашалау тұлғаның психологиялық күйіне әсер етеді», - деген болжамымыз дәлелденді, яғни, бейнелеу өнерімен айналысу тұлғаның эмоциялық күйіне, өзін-өзі сезінуі мен белсенділігіне әсер ететіні анықталды.

Сонымен, осы мәселені теориялық талдау мен эмпирикалық зерттеу нәтижелерін қазіргі кездегі қысымы жоғары қоғамда тұлғаға копинг-стратегияның бірі ретінде стресске тұрақтылықты арттыру, ұйымдарда психологиялық жағымды атмосфера қалыптастыру, тұлғадағы эмоциялық қысым мен мазасыздықты төмендетуде қолдану мүмкіндіктері бар. Қорыта айтқанда, бейнелеу өнерімен айналысу немесе бейнелеу өнерінің туындыларын тамашалау тұлғаның эмоциялық күйіне, өзін-өзі сезінуі мен белсенділігіне әсер ететіні анық. Дегенмен, болжамымыз тереңірек дәлелдене түсу үшін зерттеу жұмысы өз жалғасын табатынын мәлімдейміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Выготский Л.С. Психология искусства. - Москва, 1968. – 267 с.
2. Семенов В. Е. Искусство как межличностная коммуникация. – Санкт-Петербург: Издательство С.- Петербургского университета, 1995. – 200 с.
3. Лессинг Г.Э.: Лаокоон, или о границах живописи и поэзии. Перевод Е.Эдельсона (под ред. Н.Н. Кузнецовой) / Лессинг Г.Э. // Лессинг Г.Э. Избранные произведения. - М.: Худож. лит., 1953.- С. 385-516.
4. Арнхейм Р. Новые очерки по психологии искусства. Пер. с англ. М.: Прометей, 1994.-352 с.
5. Аллахвердов В.М. Эссе о тайне эмоционального воздействия художественных произведений.- Санкт-Петербург: «ДНК» - 2001.- 197 с.
6. Гройсман А.Л. Основы психологии художественного творчества. - М., Когито-центр, 2003.
7. Жакыпов С.М. Оқыту процесіндегі танымдық іс-әрекет психологиясы: оқулық – Алматы: Алла прима, 2008. – 216 б.

А.М. Айтышева, Г.Т. Сапарова

Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Психологическое влияние изобразительного искусства на развитие личности

Аннотация. В статье рассматривается теоретическое и практическое исследование использования изобразительного искусства для коррекции поведения человека и в целях развития личности. Был сделан теоретический обзор развития психологии искусства и проанализированы основные психологические аспекты изобразительного искусства. Экспериментальное исследование было проведено с сотрудниками «Жас ұрпақ», центра развития детей, страдающих расстройствами аутистического спектра, в г. Нур-Султан. Проанализировано поведение специалистов, вовлеченных в сложную педагогическую деятельность, которое может измениться посредством изобразительного искусства.

Ключевые слова: психология искусства, изобразительное искусство, произведения искусства, восприятие произведений искусства, творчество.

A.M. Aytysheva, G.T. Saparova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Psychological impact of art on the development of personality

Abstract. The article discusses the theoretical and practical study of the use of the visual arts for the correction of human behavior and for the development of personality. A theoretical review was made of the development of the psychology of art and the main psychological aspects of the visual arts were analyzed. An experimental study was conducted with the staff of the center for the development of children suffering from autism spectrum disorders “Zhas Orpak” in the city of Nur-Sultan. Analyzed how the behavior of professionals involved in complex educational activities, can change through the visual arts.

Keywords: psychology of art, visual art, works of art, perception of works of art, creativity.

References

1. Vygotsky L.S. Psychologiya ickusstva. [Psychology of art] (Moscow, 1968, 267 p.) [in Russian].
2. Semenov B.E. Iskusstvo kak mezhhlynostnaya kommunikacya [Art as interpersonal communication] (St. Petersburg University Press, St. Petersburg, 1995, 200 p.).

3. Lessing G.E.: Laocoon, ili o granizah zhivopisi i poesii. [Laocoon, or the boundaries of painting and poetry] Translation by E.Edelson, Edited by N. Kuznetsov), G.E Lessing / Isbrannye proizvedeniya [Featured Works](Moscow, 1953, p. 385-516).
4. Arnheim R. Novye oherki po Psychologys [New essays on the psychology of art] (Moscow, 1994. 352 p.).
5. Allakhverdov V.M. Esse o taine emozionalnogo vosdeistvia hudozhestvennyh proizvedenii [Essay on the mystery of the emotional impact of works of art] – «DNK», St. Petersburg, 2001, 197 p.).
6. Groisman A.L. Osnovy psichologii hudozhestvennyh proisvedenii [Fundamentals of the psychology of artistic creativity] (Kogito-Centr, Moscow, 2003).
7. Zhakypov M. Okytu protsesindegi tanymdyk is-areket psihologiyasy [Psychology of cognitive activity in the educational process]. Textbook (Alla prima, Almaty, 2008, 216 p.).

Авторлар туралы мәлімет:

Айтышева А.М. – психология ғылымдарының кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің доценті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Сапарова Г.Т. - «Психология» мамандығының магистранты, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Aytysheva A.M. - Candidate of Psychological Sciences, Associate Professor of the L.N. Gumilov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Saparova G.T. - student of specialty Psychology of the L.N. Gumilov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.